

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы

Әкелер сайысы

«Әкелер отбасының тірегі»

Өткізген: Кусмагамбетова У.Р.

15 Мамыр, 2023 жыл

Тақырыбы: «Әкелер отбасының тірегі»

Мақсаты: Бөбекжай мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту. Отбасында әкенің бала тәрбиесіндегі ролі туралы түсінік беру.

«Ана- қайнар бұлақ болса, Әке асқар тауың дейді қазақта». Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың борышы. Әке- асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке- баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Әкенің мінез-кұлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Олай болса бүгінгі сайысымызға көрермен болып, жанкүйер болып келіп отырған барша көрермендер «Әкелер отбасының тірегі» атты сайысымызға қош келдіңіздер.

Жиналыппыз сәтті күні бәріміз де

Үлкен-кіші, жасымыз да, кәріміз де

Төрлетіңіз қадірменді қонақтар

Жайнаған мына біздің төрімізге – деп алдарыңызда өнер көрсететін отбасының тірегі әкелерді ортаға шақырайық, таныс болыңыздар.

1. Лиманов Маралбек «Солнышко» тобы
2. Утенов Талғат «Жұлдыз» тобы
3. Абылов Ерік «Қарлығаш» тобы
4. Қуанышалин Ербол «Балапан» тобы
5. Мажен Ғасырбек «Айгөлек» тобы
6. Қайрат Азамат «Пчелка» тобы
7. Шаукешов Айсұлтан «Құлыншақ» тобы

Өнерпаздар өнерін салыстырып,

Бәйге үшін терлетер шабыстырып

Әділдікті қолдайтын баға беріп

Жіберейік қазыларды таныстырып.

Сайысымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныс болайық.

1. Әдіскер: Қарасаева З.Б.
2. Тәрбиеші: Дүйсембина Г.М.

Сайысымыз 3-4-5 балдық жүйемен бағаланады. Ең жоғарғы бал 5 балл болады.

Әкелер бар өнерін салары анық

Өнегелі тәлімді алған қанып

Ал ендеше таныстырып өтейін мен

Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.

Сайысымыз 6 бөлімнен тұрады.

1. Таныстыру

2. «Жалғасын тап» мақал-мәтелдер

3. «Тауып көр»

4. «Қол күрес»

5. «Қызықты сұрақтар»

6. «Ләңгі»

«Әке- білек, саусағы – балалары, қан тамырмен жалғасқан аралары». «Ұл әкеден үйренбей сапар шекпес, қыз шешеден үйренбей өнеге алмас» деген екен Қорқыт атамыз. Ендеше ата-ана, оның ішінде әкенің бала

тәрбиесіндегі орны туралы бүгінгі күннің өзекті тақырыбы жөнінде сіз болып, біз болып ой бөлісуге жиналып отырмыз.

Олай болса ең алғашқы сайысымыз «Таныстыру». Бұл бөлім екі критерий бойынша бағаланады. Олар шығармашылық және сөйлеу мәнері.

2. Өзінің алғырлығын ұғындырып

Көрсетер көп іздеген мығым қылық

Келесі бұл сайыстың жоспарында

Түседі бәйгеде білімділік - деп сайысымыздың 2-ші бөлімі «Жалғасын тап» мақалды жалғастыру керек.

3.«Әке көрген оқ жонар» бұл да әкеге байланысты ардақты айтылған сөз. Мен әкенің бойынан күш-жігерді, батырлықты, қайсарлықты, білімділікті, барлық қасиеттерді көруге болады деп ойлаймын. Қарап отырсақ әкенің түр-түрі болады. Бірі ақылды, білімді болса, бірі жігерлі, қайратты, енді бірі батыр да, батыл қайсар болып келеді. Ал енді бірінің бойынан осы айтылғандардың бәрін көруге болады.

Келесі бөліміміз «Тауып көр»

Ережесін мұқият тыңдап алыңыздар. Бір сөз жасырамыз, соны табу керек. Сөйлеуге болмайды. Тек қана ыммен түсіндіру керек. Түсінікті болса бастадық.

Бұл сайыспен баланың тілі шықпай оны түсіну қиын екенің көрсеткіміз келді.

Қазақ баласы десе қара күші тасып тұрған, ауыл баласы есімізге түсетіні анық. Солай емес пе? Ал ендеше күш санасып көрейік.

4.«Қол күрес»

5 . «Қызықты сұрақтар»

1. Балаңыздың сүйікті түсі? 2.
- Тәрбиешісінің толық аты жөні
3. Балаңыздың сүйікті мультфильмі қандай?
4. Қандай жануарды жақсы көреді?
5. Балаңызды қалай еркелетесіз?
6. Балаңыздың хоббиі жайлы не білесіз?
7. Балаңыздың жақын досы кім?
8. Туған жылы, айы, күні?
9. Бала тәрбиесіне кім жауапты?
10. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?

Ер жігіт хоббиі десе ең бірінші футбол есімізге түседі. Доп теппеген ер жігіт жоқ секілді. Сондықтан сізге ұнайды деген ниетпен футболға қатысты бір тур ұйымдастырдық. Бірақ қазақша түрі. Ол әрине ләңгі.

6. «Ләңгі»

Осымен біздің 6 бөліміміз де өз мәресіне жетті. Әділқазылардан барлық бөлімнің бағасын есептеу сұралады. Сіздер есептеп болғанша психологпен тренинг өткізейік.

Әділ қазылар мүшелері сайыстың қорытындысымен таныстырып, марапаттау рәсіміне көшсек.

Сөз кезегі әділқазыларда.

- 1 «Күші көп әке» Лиманов Маралбек
- 2 «Өнерлі әке» Абылов Ерік
- 3 «Тапқыр әке» Утенов Талғат
- 4 «Білімді әке» Мажен Ғасырбек
- 5 «Білгір әке» Қайрат Азамат
- 6 «Жинақты әке» Шаукешов Айсұлтан
- 7 «Шапшаң әке» Қуанышалин Ербол

Осымен бүгінгі «Әкелер отбасының тірегі» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге алғысымыз шексіз. Талай асулардан асып, білім төрінде шарықтап самғай беріңіздер деп тілек тілегім келеді. Қош сау болыңыздар.

